# Қазақ университеті

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



№ 36 (1588)
17 қараша
2015 жыл

Апталық 1948 жылдың 20 сәуірінен шыға бастады

www.kaznu.kz


# ҒАРЫШКЕР ҚАЗҰУ-ДА БОЛДЫ

**Киелі шаңырақ Қазақ ұлттық университетінде қазақтан шыққан үшінші және Қазғарыштың тұңғыш ғарышкері, Халық қаһарманы Айдын Айымбетов қонақта болып, ғалымдармен және студенттермен кездесті.**



Ол – ғарышқа «Қазақстан азаматы» болып аттанған тұңғыш қазақ ғарышкері. 2 қыркүйекте Ғарыш әлемін бағындырған Халық қаһарманының экспедициясы 9 тәулік 2 сағат 13 минут 51 секундқа жалғасып, 12 қыркүйек күні Жерге тұрақтаған болатын. «Қысқа жолды таңдаған адам мәреге бірінші жетеді деген сөз емес. Мен ғарышқа «Қазақстан азаматы» болып ұшатыныма сендім. Сол себепті, Халықаралық ғарыш бекетіне жасалатын сапарды 22 жыл күттім. Қазғарыш әлі де үлкен жетістіктерге жетеді», – деді кездесуде Айдын Ақанұлы.

Кездесуді ашқан ҚазҰУ ректоры, академик Ғалым Мұтанұлы: Айдын Ақанұлының университетке келуі біз үшін үлкен маңызға ие. Ол ғарышқа сапарында сәуленің адамға ғарыштағы әсері, Арал және Каспий теңіздерінің экологиялық жағдайы сынды аса маңызды ғылыми тәжірибелерді жүргізіп қайтты. Оның ішінде ҚазҰУ ғалымдары даярлаған «Кулонов плазмалық кристалы» тәжірибесі бар. Бұл бағыттағы жұмыс ары қарай жалғасады. Университет Қазақстандағы ғарыш саласын жаңа деңгейге көтеруді мақсат етеді», – дей келе, осы саладағы университет жоспарларымен бөлісті.

«Қазақстан «космостық» державаға айналып келеді. Сондықтан біз еліміздің ғарыш саласын дамытуға көп көңіл бөліп жатырмыз. Бүгінгі таңда университет деңгейінде жасалған қазақтың алғашқы «Фараби 1» наноспутнигі ғарышқа шығуға дайын тұр. Алдағы уақытта салмағы 50 келі болатын микроспутникті ғарышқа шығару жоспарда бар», – деді ректор. Сондай-ақ ол ҚазҰУ-дың іргелі ғылымдар бойынша ғарыш саласында маман даярлайтын басты ЖОО ретінде мемлекеттік деңгейде белгіленгенін атап өтті.

Кездесу барысында Айдын Айымбетов университет ғалымдары ұсынған ғылыми тәжірибе туралы баяндап берді. «Мен нақты нәтижеге қол жеткізу үшін ұйқыға бөлінген уақытта бір ғана ғылыми тәжірибені бірнеше рет жасадым. Жалпы жасалған барлық зерттеулер еліміздің ғылым саласында кеңінен қолданылатын болады және өз пайдасын тигізеді деп сенемін», – деді ғарышкер. Оның бұл сөзі студенттерге ұжымдық жауапкершілік тұрғысынан үлгі боларлықтай. Оған қоса, Халық қаһарманы бұл экспедицияның Н.Ә. Назарбаевтың қолдауымен және оның шешімімен жүзеге асқанын, Елбасының бұл ниетіне алғысы шексіз екенін жеткізді.

Қазақстанның үздік университетіне ат басын тіреген ғарышкер Әл-Фараби кітапханасын, «Керемет» студенттерге қызмет көрсету орталығын, нано-лаборотория мен ғылыми-техникалық паркті аралап, ҚазҰУ-дың ғарыш саласында жеткен жетістіктерімен танысты.

Кездесу соңында ҚазҰУ ректоры Ғалым Мұтанов Айдын Айымбетовті «ҚазҰУ-ға 80 жыл» мерейтойлық медалімен салтанатты түрде марапаттады. Ал студенттер ғарышкерге оның кішкентай суреттерінен құралған арнайы портрет пен ҚазҰУ логотипі бар футболканы сыйға тартты.

**Елдана ТОҚБАЙ**

# ӘЛЕМГЕ АШЫҚ УНИВЕРСИТЕТ

**Жақында ҚазҰУ-дың шығыстану факультеті Қиыр Шығыс кафедрасында «Campus in campus» жобасы аясында Жапония мен Орталық Азияны зерттейтін ғылыми-білім беру орталығының – «Цукуба университетінің Алматыдағы кеңсесінің» ресми түрде ашылу салтанаты өтті. Шараға Цукуба университетінен – халықаралық байланыс жөніндегі проректоры Кэролайн Бентон, Орталық Азияны зерттеу орталығының директоры Оно Масаки мен халықаралық қатынастар бөлімінің басшысы Мацудзаки Хироеши қатысты.**

*Жалғасы 3-бетте*

# «ЖАТ» – значит чужак

**12 ноября в рамках проекта КазНУ им. аль-Фараби «День отечественного кино», во дворце студентов имени У.А. Жолдасбекова состоялся показ фильма Ермека Турсунова «ЖАТ». Перед просмотром студенты нашего университета смогли узнать больше о фильме и о съемочном процессе от самого режиссера картины и съемочной группы в лице актеров главных ролей.**

Встреча прошла при содействии кино-клуба Олега Борецкого, который ранее уже приглашал Ермека Турсунова в гости в альма-матер, с картиной «ШАЛ», которую выдвинули на премию Американской киноакадемии "Оскар" в категории "Лучший фильм на иностранном языке" в 2013 году. А фильм известного режиссера "Келин" попал в список полуфиналистов на кинопремию, и лента попала в девятку лучших в шорт-листе «Оскар».

*Продолжение на 8 стр.*

## БҮГІНГІ САНДА:


ЖАҢАШЫЛДЫҚ – ЗАМАН ТАЛАБЫ 2-бет



ФИЛОСОФИЯ КӨРКЕЙЕДІ! 4-бет



«NATIONAL GEOGRAPHIC» ФОТОЖУРНАЛИСІ СТУДЕНТТЕРМЕН КЕЗДЕСТІ 7-бет



РЕКТОРАТ

# ЖАҢАШЫЛДЫҚ — ЗАМАН ТАЛАБЫ

***Кеше ректорат отырысында бірінші проректор М.М.Бүркітбаевтың жаңашылдық бағыты бойынша хабарламасы тыңдалды. Ол өз баяндамасында республикалық ғылыми-зерттеу орталықтарымен байланысты жандандыру, қызметкерлердің потенциалын дамыту, білім беру қызметінің сапасын қамтамасыз ету мен академиялық ұтқырлық бойынша басқа ЖОО-ларда дәріс беріп қайту сынды өзекті мәселелерге кеңінен тоқталды.***



«Білім берудің жаңа обьектілерін іске қосып, жалпыға міндетті білім беру стандарты арқылы жетістіктерге қол жеткізу керек. Яғни, нарықтық қатынастың дамуы – қазір теориялық біліммен қатар тәжірибелік дағдыларды да игеру қажеттілігін тудырады»,- дейді бірінші проректор М.М.Бүркітбаев.

Сонымен қатар университет бәсекеге деген қабілеттілік пен әлеуметтік белсенділікті арттыруда қарқынды жұмыс жасауда. Өйткені қара шаңырақтың білім беру бағдарламасы әлемнің жетекші елдерінің білім беру бағдарламаларымен теңестірілгенін де атап өтті.

Қазіргі таңда әлемде мойындалған ең мықты компаниялар өздерінің ғылыми-зерттеу лабораториялар базасын ҚазҰУ-да ашып, студенттерімізге бірегей мүмкіндіктер жасап отырғандығы шындық. Бүгінгідей жаһанданған, ақпараттың дамыған ғасырында болып жатқан түрлі өзгерістер мен жаңашылдықтар еліміздің экономика саласына да, білім беру жүйесіне де тың ізденістерді енгізері анық.

Әлемдік тәжірибе мен халықаралық агенттіктерде дәлелденген университеттің білім беру сапасы мен білім мен ғылымның ұштасуы – инновациялық жетістіктерді пайдалану деңгейімен сараланып отыр. Ғаламдық бәсекеге қабілеттілігі бойынша одан әрі дамуы үшін студенттердің интеллектуалды білім деңгейі де жоғары болуы керек.

Мұнымен қоса университетте қоғамдық-саяси, экономикалық жағдайлардың өзгерісіне сәйкес, бүгінгі күннің сұранысын қанағаттандыра алатын жаңа мамандықтар ашылып, академиялық саясаттың арқасында қос дипломды білім беру бағдарламасын енгізуге зор мүмкіндік жасалды.

Қазіргі таңда студенттеріміз әлемнің алдыңғы қатарлы елдерімен бірдей диплом алып шығу мүмкіншілігіне ие болып отыр. Нәтижесінде, 5000-ға жуық студент шетелдік ЖОО-ларда өндірістік тәжірибеден өтетін болса, 3000-нан аса студент ҚазҰУ-ға келіп, білімдерін шыңдау үстінде.

Білім берудің кеңістігін кеңейту мақсатында оқытушы-профессорлар құрамына шетелдік тәжірибелерден өтуге жағдай жасау арқылы заманалы жетістіктерге қол жеткізуге мүмкіндік мол.

Көпшілік назарына ұсынылған баяндамада университетіміздің даму стратегиясына сәйкес халықаралық байланыстарды жылдан-жылға арттырып қана қоймай, әлемдік стандартқа сай болу үшін тілдік біліктілікке басымдық беру керектігі де айтылды.

Сонымен қатар шетелдік студенттерді ҚазҰУ-ға тарту үшін ұстаздар қауымының шетелдік тағылымдамадан өтуіне барынша жағдай жасалып жатқандығы да тілге тиек етілді.

**Жұлдыз ӘБІЛ**

# ИЗУЧЕНИЕ ТРАДИЦИОННЫХ ЦИВИЛИЗАЦИЙ

***Проблемы изучения традиционных цивилизаций ЦА обсудили ученые из Казахстана, России и Турции.***



В рамках государственной программы «Народ в потоке истории» в КазНУ прошла Международная научно-теоретическая конференция «Теоретико-методологические подходы и проблемы изучения традиционных цивилизаций Центральной Азии».

Учеными из Казахстана, России, США, Турции, Азербайджана были обсуждены подходы изучения традиционных цивилизаций в контексте евразийского и центрально-азиатского политического, социально-экономического и этнокультурного развития.

Конференция была посвящена актуальным вопросам истории кочевой цивилизации: проблемам кочевой государственности, образования Казахского ханства, изучению обычного права кочевников, формированию этнической территории народов Центральной Азии.

Важными направлениями работы конференции стало обсуждение проблем взаимоотношений и взаимовлияния кочевой и оседлой цивилизаций в истории Центральной Азии, а также парадигма «Кочевники Центральной Азии в условиях правления российской колониальной и советской тоталитарной системы».

Конференция прошла в условиях творческой дискуссии и конструктивного обмена мнениями.

Организатором конференции выступил Республиканский центр изучения традиционных цивилизаций Центральной Азии.

**ПРЕСС-СЛУЖБА**

ҚЫСҚА-НҰСҚА

**Жақында физика-техникалық факультеті жылуфизика және техникалық физика кафедрасының ұйымдастыруымен жылуфизика және техникалық физика кафедрасының доценті, ұлағатты ұстаз Ж.Ө. Өмірбеков атындағы жыл сайынғы республикалық олимпиада мен шахматтан турнир болып өтті. Олимпиадаға ҚР ЖОО-ларынан 70 студент және 11 сыныптан 18 оқушы қатысты.**

Турнир жасөспірімдер арасындағы өзекті мәселелердің шешімін табуға, физикаға қызығушылықтарын арттыруға, студенттер мен оқушыларды шахматқа баули отырып, ойлау қабілетін арттыру мен аналитикалық шешім қабылдауға ықпал етуді мақсат етеді.

**Kaznu.kz**

***

**Жуырда Экономика және бизнес жоғары мектебі менеджмент және маркетинг кафедрасының ұйымдастыруымен «Халықтар достығы –Ұлы Жеңістің 70 жылдығы» деген тақырыппен ақын, домбырашы Талап Қарашпен кездесу өтті.**

Аталмыш шарада домбырашы Талап Қараш Ұлы Жеңістің қазақ даласына оңай келмегенін айтып, батырларымызға деген құрметтің шексіз екендігін тілге тиек етті. Студенттер тарапынан қойылған сұрақтарға жауап берді.

**Ө.Қ. ШЕДЕНОВ,**
*менеджмент және маркетинг кафедрасының профессоры*

***

**Таяуда заң факультетінің қылмыстық құқық, қылмыстық іс жүргізу және криминалистика кафедрасының меңгерушісі, з.ғ.д., профессор Р.Е. Джансараева бастаған кафедра оқытушылары мен 2-курс студенттері Алматы қалалық ардагерлер үйіне барып қайтты.**

Ақ сақалды аталарымыз бен ақ жаулықты аналарымызға құрмет көрсету, көңілдерін көтеріп, концерттік іс-шара өткізуді мақсат еткен топ барын салды. Студенттер барлық ардагерлерді биге шақырып, көңілдерін көтерді. Әдемі ән мен би қариялардың жастық кездерін еске түсіріп, бір серпіліп тастағаны анық.

**А.А. АРЫН,**
*оқытушы*

***

**Студенты 1 курса факультета философии и политологии, специальности: социальная работа в рамках проекта «Al-Farabi university – smart city» провели мероприятие, посвящённое 22-х летию национальной валюты Республики Казахстан – тенге.**

Мероприятие началось с интересной информационной презентации, рассказывающей о становлении национальной валюты, были продемонстрированы первые валюты-тенге. В итоге мероприятии студенты поближе узнали друг друга, искренне поговорили по душам за чашкой горячего чая.

**Арман КАИМБАЕВ,**
*студент 1 курса*

**Лауреат Государственной премии РК Оразалы Сабден прочитал лекцию для студентов факультета философии и политологии на тему: «Абай и будущее Казахстана»**

# Филологтар Тәуелсіздік мерекесін бастап кетті

***Қараша айының 11 күні филология және әлем тілдері факультетінде жалпы тіл білімі және еуропа тілдері кафедрасының ұйымдастыруымен АҚШ-тан келген студенттердің қатысуымен «Жасай бер, Қазақстан!» атты мерекелік іс-шара өтті. Шараның ерекшелігі – кафедра ұжымы мен шетелдік студенттер қазақ елінің Тәуелсіздік күнін тойлауды бүгіннен бастап кетті. Ертерек қамданған кафедра ұжымының бұл қадамы басты мерекенің қадір-қасиетін ұлықтаудағы жетістік деп білеміз.***



Шараның шымылдығын ашу үшін кафедра меңгерушісі Мадиева Гүлмира Баянжанқызы сөз алып, АҚШ-тан келген жастардың қазақ жеріне тамсанғандығын атап өтті. Мерекелік кеш қызықты әрі тартысты өту үшін ұйымдастырушылар ағылшын студенттерін ІІІ топқа бөліп, бәріне қазақ тілінде танысу, ән айту, билеу және аяқ асты диалог құруды тапсырған. Әр топтың өз жетекшісі бар. Мәншүк Мәмбетова, Перизат Медетбекова және Сәуле Бектемірова сынды кафедра оқытушылары бастаған топтар әр кезең бойынша тамаша өнер көрсетті. Шетелдік студенттердің қазақ мәдениетіне деген қызығушылықтары, олардың қазақ тілінде өз ойларын жеткізуі көрерменді бір серпілтіп тастады. Жігіттер қауымы қазақтың оюлы шапандарын киіп шықса, қыздары ұлттық әшекей бұйымдарымызды таққан. Осынау кермет көріністі тамашалаған көпшілік арасында «31 арнаның» «Сәт сапар» ұжымы болды. Шара кезінде көптеген мазмұны мен әзілі жарасқан дүниелер айтылды. Бірі «Ойпырмай, ойпырмай, қазақ тілі осындай» деп ән салса, екіншісі гитарамен Абайдың «Көзімнің қарасы» әнін нақышына келтіре орындады. Олар Мұқағалидың өлеңін оқып, қазақтың «Қара жорғасын» да биледі.

Тәуелсіздік күні қарсаңында ұйымдастырылған бұл шараның өзгелерге үлгі болар тұсы көп. Ана тілімізді өзгелерге үйретіп, ұлттық құндылықтарымызды насихаттаудан жалықпаған тіл жанашырларына, жалпы тіл білімі және еуропа тілдері кафедрасының ұжымына рахмет айтамыз.

**Марғұлан АҚАН,**
*Тәрбие жұмысы және тіл саясатын ұйымдастырушылық-әдістемелік қамтамасыз ету бөлімінің қызметкері*

***Жуырда ҚазҰУ-дың журналистика факультеті мен «Разум life» қоғамдық бірлестігі өзара ынтымақтастық жөніндегі келісімшартқа қол қойды.***

# Ынтымақтастық

2013 жылы құрылған бірлестіктің негізгі мақсаты тұлғаның өмірге деген оң көзқарасын тудыру, студенттер арасындағы тығыз қарым-қатынасты қалыптастыру, қоғамдық ортада белсенділік танытуды үйрету және қамқорлыққа тәрбиелеу болып табылады. Осы мақсатта студенттермен жұмыс атқару үшін «Разум life» пен журналистика факультеті арасында келісім орнатылып, болашақ әріптестік туралы шешім қабылданды.

Келісім мәселесі бойынша өткізілген іс-шараға журналистика факультетінің деканы С. Медеубекұлы мен ЮНЕСКО, халықаралық журналистика және қоғаммен байланыс кафедрасының меңгерушісі Н. Шыңғысова қатысып, осы шарттың аясында атқарылатын жұмыстарға барынша қолдау көрсететінін, аталған бірлестіктің студенттердің тәжірибе алмасуына зор ықпал ететінін атап өтті.

Өз кезегінде «Разум life» қоғамдық бірлестігі тренингтер мен түрлі сабақтардың өткізілу жоспарын ұсынып, факультеттің белсенді студенттеріне қызығушылық танытуда.

**СТУДЕНТТІК БАСПАСӨЗ ОРТАЛЫҒЫ**

# „Удиви меня!“

***На юридическом факультете состоялся конкурс талантов студентов 1 курса «Удиви меня!». Это действительно удивительно, когда вчерашние школьники раскрывают свои таланты в стенах университета.***

Организатором мероприятия выступила доктор юридических наук, профессор А. Ибраева. Две команды юношей и девушек декламировали стихи, пели и танцевали. Всех поразил талант З. Бекмухамедовой, которая прочитала стихотворение собственного сочинения. Студентками А. Килим и П. Тугельбай был представлен вкусный торт, приготовленный своими руками. Зажигательные танцы открыли талант юношей, сплясавших «Лезгинку» и «Қара Жорға», а также девушек, которые исполнили казахский народный и современный танцы. Студентка А. Омарқызы удивила всех своей гибкостью, представив номер художественной гимнастики. Студент Г. Миносян прекрасно сыграл на гитаре, а команда юношей спела песню «Аспанға қараймын». Нельзя не отметить и роль ведущих праздника Н. Исабек и С. Азаматұлы, которые украсили мероприятие своими шутками.

Такие конкурсы помогают первокурсникам показать свое мастерство и раскрыть потенциал.

**А. ИБРАЕВА,**
*д. ю. н., профессор;*
**А. КИЛИМ,**
*студентка 107 группы юридического факультета*

*Жалғасы. Басы 1-бетте*

# Әлемге ашық университет

Шараны ашқан ҚазҰУ-дың бірінші проректоры М.М. Бүркітбаев пен шығыстану факультетінің деканы Б.Н. Жұбатова құттықтау сөз сөйлеп, жоба аясындағы университет жұмыстарына кеңінен тоқталып өтті. Кэролайн Бентон ханым екі университет арасындағы ынтымақтастықты ресми түрде іске асыратын бөлім ретінде орталық жұмысына сәттілік тіледі.

Цукуба университеті өкілдері «Campus in campus» жобасының маңыздылығын атап өтіп, келесі кездесуді 2016 жылдың қыркүйек айында Жапонияда өткізуге ұсыныс жасады. Сондай-ақ аталмыш университеттің шақыртуымен ҚазҰУ делегациясы жыл сайын өткізілетін Tsukuba Global Science Week 2015 шарасына қатысатын болды. Кездесу барысында жақын арада Цукуба университетінде әл-Фараби атындағы ҚазҰУ орталығын ашу үшін дайындықты бастау және қос дипломды магистратура бағдарламасының жоспарын жасау туралы келісімге қол қойылды.



Бұл орталықты ашудағы негізгі мақсат – екі елдің мәдениеті мен салт-дәстүрін дәріптеу, Қазақстан-Жапония қатынастары саласындағы ғылыми зерттеулердің ауқымын кеңейту. Сонымен қатар, орталық бірлескен ғылыми және білім беру жобаларын жүзеге асыруға, академиялық ұтқырлық аясында студенттер мен магистранттарды оқыту бағдарламаларын әзірлеуге мүмкіндік береді деп күтілуде.

Шараның ашылу рәсімі «Қазақстандағы жапонтану ғылымы: бүгіні мен болашағы» атты халықаралық ғылыми семинар жұмысына ұласты. Қазақ, орыс және жапон тілдерінде өткен халықаралық семинар жұмысы барысында екі ел арасындағы мәдени-гуманитарлық ынтымақтастықты дамытып, білім және ғылым саласында бірлескен жобаларды жүзеге асыру керектігі атап көрсетілді.

**Г. ОРАЗБЕКОВА,**
**Л. НҰРСЕЙТОВА**

***Халықаралық қатынастар факультетінде Норвегия Корольдігінің Төтенше және өкілетті елшісі Оле Йохан Бёрннің қатысуымен Елші күні аталып өтті***

# Философия көркейеді!



***2002 жылы ЮНЕСКО қараша айының үшінші бейсенбісін Дүниежүзілік философия күні деп жариялап, өзінің 2005 жылғы конференциясында ресми түрде бекітті. Әлем философтарының мерекесіне айналып, көптеген елдерде кеңінен атап өтілетін бұл күнді белгілеудің негізгі мақсаты – жұртшылықтың назарын философиялық мұраларға аудару, көпшілік санада жаңа идеялар туындатып, қазіргі заманғы қоғам үшін өзекті мәселелерді бірлесе отырып талқылау. Философтардың негізгі жиындарын осы күнге белгілеп, атқарған жұмыстарының қорытындысын түйіндеу салты әлемнің 70-тен астам елдерінде және бізде де біртіндеп қалыптасуда.***

Философия – кез келген адам оңай меңгеріп кете қоятын ғылым емес, бірақ әрбір адамға, әсіресе, жас маманға аса қажетті ғылым. Себебі, кемеңгер жазушы Мұхтар Әуезовтің сөзімен айтсақ, «Философия... – кең ақыл, терең қиял шығарған, адамның жанын тәрбиелейтін, жүрегін ағартып, адамшылығын арттырып, ақтылыққа сүйрейтін» ғылым. Еуропалық ортағасырлық университеттерде философия ең басты пән ретінде танылып, оны меңгермеген студенттің өз мамандығы бойынша пәндерді зерттеуіне рұқсат берілмеуі кездейсоқ емес деп ойлаймыз.

Осы ғылымға ҚазҰУ студенттерін баулу жолында философия және саясаттану факультетінің философия кафедрасы тынымсыз еңбек етіп келеді және қол жеткізген көрсеткіштер де нәтижелі деуге болады.

Кафедра оқытушыларының мақалалары Томсон, Скопус қорына кіретін жоғары рейтингті журналдарда жарық көре бастады. Білім және ғылым министрлігінің гранттық қаржыландыруына ие болған ғылыми жобалар аясындағы ізденістер де табысты жүргізіліп отыр. Кафедра магистрлер мен PhD докторларды бірлесе дайындау ісінде көптеген шетелдік университеттермен тығыз байланыс орнатты. Тек соңғы бір жылдың ішінде АҚШ-тың Техас технологиялық университеті, Түркияның Едитепе университеті, Ресей Ғылым академиясының Философия институтымен ынтымақтастық туралы келісімшарт жасалып, Урал федералдық университетінің философтарымен бірлесе отырып, қосдипломдық білім беру ісі қолға алынды. Сондай-ақ шетелдік профессорлар кафедра студенттеріне дәріс оқыды. Түркі дүниесінің ғұламасы Әбу Насыр әл-Фарабидің философиялық мұрасын Еуропа ғалымдарының зерттеуі кафедра профессорларының қызығушылығын тудырып, Финляндия ғалымдарымен бірге жаңа ғылыми жоба жоспарланып отыр.

Оқу үдерісінің сапасы әрбір университеттің басты көрсеткіші екендігін жақсы түсінген кафедра бұл іске ерекше мән береді. Осы бағытта жүргізілген қажырлы жұмыстардың нәтижесінде кафедра пәндері бойынша дайындалған оқу-әдістемелік кешендер университетте алдыңғы орынға ие болды. Кафедра пәндері бойынша дәрістердің мазмұнын арттыру, оқытудың инновациялық әдістерін енгізу ісіне де басымдық берілуде. Сонымен қатар «Философия», «Ғылымның тарихы мен философиясы» пәндері бойынша республика жоғары оқу орындарына арналған типтік оқу бағдарламалары қайта жасалып, азғана уақыт ішінде республика оқытушыларының жылы лебізіне ие болды. М.Ш. Хасанов, В.Ф. Петрова, Б.А. Джаамбаева және менің авторлығыммен жарық көрген оқулықтарға Білім және ғылым министрлігінің грифі берілді. Университет ректоры, академик Ғ.М. Мұтановтың басшылығымен дайындалған «Әл-Фараби және қазіргі заман» оқу құралы университет студенттері мен оқытушыларының, жалпы қалың жұртшылықтың үлкен қызығушылығын туғызды.

Кафедра ұжымы «Al-Farabi university – smart city» жобасының рухани платформасын дамытуға үлкен үлес қосып отыр. Ғалым Мұтанұлы ұсынған жобаның әлемде қалыптасқан 150-ден астам «ақылды қала» жобаларынан ерекшелігі – осы қалада өмір сүріп отырған адамның руханилығына басты назар аударуында. Жастардың адамгершілік келбетін қалыптастыруға бағытталған «Айналаңды нұрландыр!», «100 кітап», «Жасыл кампус» және тағы басқа жобалар аясында студенттер кафедра оқытушыларының басшылығымен қаламыздың балалар үйлеріне, балабақшаларға, Ардагерлер үйіне барып, көмек көрсетті, қала театрларының қойылымдарын тамашалап, әлем ғұламаларының үздік туындыларын талқылады. Бір қарағанда елеусіздеу көрінетін осы шараларға қатысқан студенттердің жан дүниесіндегі, этикалық және эстетикалық талғамдарындағы оң өзгерістер бірден байқалады.

Әрине, қазіргі заманғы басқа ғылымдардағы сияқты, философия саласында да қордаланып қалған мәселелер жеткілікті. Бірақ бүгінгі мереке күні жақсы өзгерістер туралы ғана айтуды жөн көрдік. Тағы да ұлы жазушы Мұхтар Әуезовке жүгінсек, ол кезінде: «Философия әлі көркейеді, көркейгендегі жемісін адам жаны қорек қылады» деген екен. Осы пікірге толық қосыламыз. Әріптестерімізді ғана емес, барша қауымды Дүниежүзілік философия күнімен құттықтаймын!

**Гүлжиһан НҰРЫШЕВА,**
*философия кафедрасының меңгерушісі,*
*филос.ғ.д., профессор*

# ФИЛОСОФИЯ - аса қажет ғылым

**Философия мен үшін өте ерекше ғылым. Философия – ғылымдардың негізі. Мен «Философия» мамандығында оқып жүргеніме қатты қуанамын. Философияға қызығушылығымды оятқан философия кафедрасының ұстаздарына алғысым шексіз. Олар белгілі бір пән туралы ақпарат, білім беріп қана қоймай, әрбір студенттің ақылының толысуына, шығармашылық ойлау мәдениетін қалыптастыруға өз үлестерін қосуда. Сондықтан да «Философия – адамшылық жолындағы қараңғы қалтарыстарда қолға ұстаған шамшырақ» деп бекер айтылмаған.**

Мен бірінші курста «Фараби әлемі» халықаралық ғылыми конференциясында жасаған баяндамам үшін ҚазҰУ ректоры Ғалым Мұтановтың қолынан диплом алдым. Сол сәтте жүрегімде шексіз алғыспен қатар, арман пайда болды. Ол арманым – өз ұстаздарым сияқты адамға өмірлік бағыт-бағдар бере алатын, ақылды, терең ойлауға әсерін тигізетін философияға баулитын, ақиқатқа, білімге жетуге көмектесе алатын философияның үздік маманы болу. Қазіргі қоғамда адамның кәсіптік деңгейімен бірге адамгершілік-рухани деңгейінің де жоғары болуы өте маңызды. Сондықтан да менің ойымша қазіргі заман адамына философия аса қажет ғылым болып табылады.

**Әлима ҚАЛЫПБЕКОВА,**
*«Философия» мамандығының*
*2-курс студенті*



# О ФИЛОСОФИИ

Если оттолкнуться от двух радикальных противоположностей, трансформативного и метафизического философствования, между которыми на протяжении всей долгой истории существования философии как института происходит непримиримое противостояние – то можно с уверенностью сказать – философия – это территория борьбы.

Философская практика обретает трансформативный потенциал, когда специфическая точка зрения становится опорой целенаправленного действия. Общественные процессы, протекающие не только внутри философии как института, но и в самом социальном теле, говорят о невозможности оставаться сторонней наблюдательницей преобразований идеального, реального и материального; о тотальном вовлечении коллективных и индивидуальных субъектов в поле диалектической борьбы. Борьбы концептов, мировоззрений, пониманий, укорененных в социальной почве современности. Борьбы социальных картин мира. Но кем, для чего и для кого нарисованы эти картины? И, что в силах сделать тот или иной индивидуум, окажись он около художественного станка истории? В особенности, эти вопросы актуализируются трансдисциплинарным взаимодействием философии с художественной и эстетической практикой, философии с идеологией и политикой.

**Н. АНТОНОВА,**
*магистрант 2 курса*
*специальности «Философия»*

**19 ноября – Всемирный день философии**

# ҚАРШЫҒА СӘРСЕНБАЙҰЛЫ 70 жаста

*«Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға», – деп дана Абай айтқандай, бұл күндері тәуелсіз Қазақстанның жаңа білім жүйесінің қалыптасуына еселі еңбек сіңіріп жүрген қаншама ұстаздарымыз бар. Сондай ұстаздардың бірі және бірегейі Көшкімбаев Қаршыға Сәрсенбайұлы биыл мерейтойлық 70 жасын тойлауда.*



Ұлағатты ұстаз жер жаннаты Жетісу өңірінің Қаратал өзені бойындағы Бірлік ауылында 1945 жылы дүниеге келген. Ол 1968 жылы қазақ ғылымының қара шаңырағы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне (бұрынғы С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университеті) оқуға түсіп, 1973 жылы университетті биология мамандығы бойынша бітіріп шықты. Еңбек жолын сол жылы Ұлттық Ғылым академиясының зоология институтында бастап, осы мекемеде 1994 жылға дейін қызмет істеді. 1994 жылдың қыркүйегінен бастап өзі білім алған ҚазҰУ-да қызмет істеп келеді. 1990 жылы «Шу өзені аңғарының соналары» тақырыбы бойынша кандидаттық диссертация қорғап шықты.

Егемендік алғаннан кейін 1998 жылы ұлтжанды азамат «Сорос-Қазақстан» қорының қаржылық қолдауымен А.К. Бродскийдің «Краткий курс общей экологии» атты кітабын қазақ тілінде басып шығарды. Аталған кітап – республикамызда жалпы экология негіздері бойынша қазақ тілінде жарық көрген алғашқы оқу құралы. «Қазақ ғылымын қалыптастыру үшін, ең алдымен, қазақша ғылыми атауларды қалыптастыру керек. Оның өзінде, әсіресе, шеттен келген атауларды жалпыға бірдей, ұғынықты етіп аударып, анықтама беру қажет» деген көзқарасты берік ұстанатын ғалым экология саласы бойынша терминологиялық және түсіндірме сөздіктердің («Экология пәні бойынша қазақша-орысша, орысша-қазақша терминологиялық сөздік», Алматы, «Рауан», 2000. 194 бет; «Экология және табиғатты қорғау бойынша салалық ғылыми-түсіндірме сөздік», Алматы: «Мектеп», 2002. 392 бет; «Қазақша-орысша, орысша-қазақша терминологиялық сөздік», Алматы: 2014. 17 том, экология) құрастырушы-авторлар ұжымының мүшесі ретінде көп тер төкті.

Қаршыға Сәрсенбайұлы 40 жылдан астам уақыттан бері қансорғыш қосқанатты жәндіктердің фаунасы, систематикасы, экологиясы бойынша ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізіп келеді. Солардың ішінде ғылымға белгісіз болып келген жаңа түрлерге де сипаттамалар беріп, олар туралы ғылыми мақалалар (Новый вид мошек Psilocnetha almae sp.n. (Simuliidae) из Южного Казахстана// Паразитология. 1988. Т. 22, вып. 4. С. 351-354; Новый вид мошек рода Levitinia Chub. Et Petr.(Simuliidae, Diptera) из Южного Казахстана// Энтомол. обозрение. 1992, Т. 71, вып. 3. С. 657-663; Новый вид мошек рода Montisimulium (Diptera: Simuliidae) из окрестностей Алма-Аты //Паразитология. 1996. Т. 30, вып. 1, С. 81-84.) жариялады. Бұлармен қатар көптеген ғылыми-әдістемелік мақалалары және де «Қазақстан: Ұлттық энциклопедия» атты көптомдық еңбекте 60 шақты очерк-мақалалары жарияланған.

Қазіргі кезде жәндіктер фаунасының антропогендік факторлар әсерінен өзгеруі, реофильді жәндіктерді су көздерінің ластануының биологиялық индикаторлары ретінде пайдалану сияқты ғылыми бағыттармен шұғылдануда. Ол кісінің жетекшілігімен көптеген дипломдық жұмыстар мен магистрлік диссертация және 1 кандидаттық диссертация қорғалды. Шәкірттері бұл күнде еліміздің түпкір-түкпірінде қызмет атқаруда.

Құрметті Қаршыға Сәрсенбайұлы, жүйрік уақыттың ұшқыр қанаты Сізді мағыналы ғұмырыңыздың биік бір белесі – 70 жасқа алып жетті. Осы кемелдікке Сіз тың жігер, жарқын көңілмен келіп отырсыз. Сізге зор денсаулық, отбасыңызға амандық, жас ұрпақты оқыту мен тәрбиелеу жолындағы еңбектеріңізге табыс, шығармашылық жетістіктер тілейміз. Барша ұжымның атынан 70 жасқа толған мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтаймыз!

**Ақерке СЕРБАЕВА,**
**Әлібек ЫДЫРЫС,**
*биология және биотехнология факультеті*

СВЕТЛАЯ ПАМЯТЬ

# Уникальный ученый

***Бекет Галымжанович Нуржанов – уникальный человек с тонким чувством понимания и восприятия культуры, выдающийся ученый, философ, любимый преподаватель студентов. Именно таким он остался в нашей памяти.***



Как культуролог Бекет Галымжанович исследовал казахскую национальную культуру. В одной из статей посвященных национализму он пишет: "Важной составляющей теорий национализма является национальная идея. С одной стороны, она является выражением национальной политики государства, ее целей и задач, а также возможных средств достижения этих целей. Но с другой – она может и должна стать мощным катализатором энергии и столь же мощным объединяющим фактором масс, населяющих Казахстан, фактором дальнейшего укрепления единства народов и роста благосостояния страны. История показывает, что национализм и национальная идея в XIX-XX в.в. нередко выступали той «закваской», которая порождала самые мощные потрясения и социальные движения, носившие как деструктивный, так и конструктивный характер".

В этой связи он особенно подчеркивает важность национальной идеи в современном обществе и что должна включать в себя казахстанская культурная идея: "Но национальная идея не представляет собой чего-то исключительно национального, присущего только данной стране в ее национальном и культурном отличии от всех других стран. Национализм, повторим, это идеология и движение, которое охватывает практически все современные страны (по крайней мере вовлеченные в сеть мировой политики и международных отношений), и все эти страны прошли или проходят свой национальный путь, кто раньше, кто позже. Поэтому казахстанская национальная идея должна включать в себя не только культурно-историческую специфику казахской нации, но и впитать общечеловеческие, свойственные всем нациям-государствам идеи и ценности, являющиеся неотъемлемой частью их цивилизованного существования", – пишет ученый.

Его труды по культуре отличаются неординарной интерпретацией, интересными новыми идеями. В работе "Модерн. Постмодерн. Культура" Бекет Галымжанович рассмотрел социально-культурные и теоретические "условия постмодерна" в XX в. Как позже отмечали многие ученые и студенты, понимание постмодерна и его отличие от модерна пришло к ним только после прочтения вышеназванной книги. Бекет Галымжанович пытался дать более доступный и научный подход, который позволит понять постмодерн, «писать о постмодерне невозможно, но и молчать о нем нельзя" писал сам автор.

Особенно четко и ясно Бекет Галымжанович говорит о том, что является важным критерием для конкурентоспособности специалистов, о профессионализме и непрофессионализме в одном из интервью: «Вступив на новый для нас путь, мы должны перенимать лучшее, что может дать рынок. Америка и Европа уже переболели болезнями первоначального накопления капитала, у них сейчас главное – человек, все делается для человека. Готовя конкурентоспособных специалистов, западная культура одновременно формирует и культурных индивидов – они уважают свой труд и труд других людей, у них высокие принципы и устремления. Это та среда, в которой только и может сформироваться настоящий профессионал. Профессионализм – это высокое мастерство, которое приобретается человеком в процессе культурной шлифовки, образования и самообразования. То есть это не некий божий дар или генетическая предрасположенность, а именно то, что человек приобретает самостоятельно, своим трудом, способностью к созиданию.

корни непрофессионализма кроются прежде всего в общем низком уровне культуры, в отсутствии необходимой культурной среды».

В одном из интервью Бекету Галымжановичу журналист газеты «Новое поколение» задал вопрос: «Чем Вы обязаны университету?». Он ответил словами песни:

«Представить трудно мне теперь,
Что я не ту открыл бы дверь,
Не той бы улицей прошел,
Тебя не встретил, не нашел».

Лекции Бекета Галымжановича были не просто интересными, после них студентам хотелось больше узнать, начать научный поиск. Как знаток древнегреческой философии, Бекет Галымжанович ставил вопросы так, что студенты увлеченно искали на них ответы. В его добром взгляде, тихом и приятном голосе была особенная сила философа-мудреца. Настоящий философ, профессионал своего дела, патриот Бекет Галымжанович умел вдохновлять и направлять не навязчиво и просто. Он был уверен, что настоящий культуролог обязан знать несколько иностранных языков для более полного постижения науки и других культур.

Бекет Галымжанович оставил за собой целую плеяду молодых ученых, которые продолжат путь Учителя. Вот уже год как нет с нами Бекета Галымжановича, но память об этом прекрасном человеке всегда будет в наших сердцах, мыслях и действиях!

**А. С. ТАНАБАЕВА,**
*PhD докторант кафедры религиоведения и культурологии;*
**М. Б. АЛИКБАЕВА,**
*доцент кафедры религиоведения и культурологии*

**21 қарашада Әл-Фараби кітапханасында жазушы-журналист Сапар Байжановтың туғанына 85 жыл толуына орай конференция өтеді**

*Жақында «Қазақ университеті» баспасынан белгілі сүйінбайтанушы ғалым Мүбәрак Үмбетаевтың «Сүйінбай айтыстары және өмір шындығы» атты монографиялық зерттеу еңбегі жарық көрді.*

# СҮЙІНБАЙ АРОНҰЛЫ ТУРАЛЫ ЖАҢА КІТАП

Сүйінбай Аронұлының туғанына 200 жыл толуы халықаралық деңгейде аталып өтіп жатқан тұста жазылған жаңа зерттеу, ұрпақтар толғамы тағы бір байсалды еңбек, маңызды жинақпен толыға түсті.

Ұзақ жылдардан бері жоғары мектепте оқытушылық-педагогтық еңбек етіп келе жатқан, республикадағы санаулы маман әдіскер оқытушының бірі Мүбәрак Үмбетаев зерттеуді ақын мұрасын оқытуда да оңтайлы пайдалануды көздейді. Кітаптың құрылымдық мазмұны қазіргі сүйінбайтанудың маңызды бағыттарынан түзілген.

Автордың қазақ, қырғыз мұрағат қорларындағы ақынның шығармашылық ғұмырбаянына қатысты мәнді құжат-деректерді ғылыми айналымға молынан кірiктiрiп отыруы ауызекі тараған ақпаратты елеп-екшеуге елеулі септігі тиетін тәсіл.

Жинақтың қосымшасында дүйім елді дүр сілкіндірген әсері әлі де солғындамаған, сөз өнерінің тот баспас асыл үлгісінің бірі Сүйінбай мен қырғыз ақыны Қатағанның әйгілі айтысының, Сүйінбай мен Тезек төреге қатысты әдеби нұсқаның алдына жан түспей дара, «айтыстың алтын діңгегі» (М.Әуезов) атанған айтулы сөз дүлдүлінің басқа да айтыстарының мәтіндері берілген.



Автор Сүйінбайдың әдеби мұрасының басылымдары, зерттелу бағыттары, әр жылдарда жарық көрген еңбектер туралы толымды мәлімет береді. Әр зерттеудің сүйінбайтанудағы өзіндік мән-маңызын елеп-екшеп өтеді. Аталған зерттеудің тағы бір жаңа қыры – жинақ соңында шығармашылық ғұмырбаянына қатысты тарихи адам есімдеріне, жер-су атауларына, қазақ, қырғыздағы ру, тайпа атауларына анықтама түсінік беріліп отыруы.

Белгілі сүйінбайтанушы М. Үмбетаевтың қырғыздың Қатаған атты ақынының өмір-дерегіне қатысты зерттеулер негізінде жасалған тың болжам-байламы қазіргі кезеңдегі қазақ-қырғыз әдеби байланыстарын зерттеудің ғылыми мәселелерінің бірі болып отырғандығын айтқан жөн.

Еңбекте Сүйінбайдың сөз сөйлетудегі қайталанбас айшық, үздік үлгісі нақтылы тілдік-поэтикалық саралаулар ауқымында зерделенген.

М. Үмбетаев – ұзақ жылдардан бері Сүйінбай ақындығын ұдайы, үзбей зерттеп келе жатқан әдебиеттанушы ғалым. Әдебиет тарихын зерттеудің қазіргі кезеңдегі өзекті мәселелеріне түбегейлі ден қойып отырып жазылған жаңа зерттеу еңбегі теориялық та, практикалық та тұрғыдан бағалы екендігін айтамыз.

Кітапты баспаға әзірлеген әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті қазақ әдебиетінің тарихы және теориясы кафедрасы «Қазақ фольклористикасы» оқу-зерттеу бөлімі.

Пікір жазғандар: филология ғылымдарының докторы, профессор Ө.Әбдиманұлы; филология ғылымдарының докторы, профессор С.Ержанова.

**Қанипаш Қайсақызы МӘДІБАЙ,**
*қазақ әдебиетінің тарихы және теориясы кафедрасының профессоры, филология ғылымдарының докторы*

# МҰЗБАЛАҚ АҚЫН

***Жуырда биология және биотехнология факультетінде «ҚазҰУ студенті оқуға тиіс 100 кітап» жобасы аясында биофизика және биомедицина кафедрасының меңгерушісі, б.ғ.д., профессор С.Т.Төлеухановтың басқаруымен М.С. Кульбаева жетекшілік ететін «Биофизика және биомедицина проблемалары» мүшелерінің ұйымдастыруымен «Мұзбалақ ақын Мұқағали» тақырыбында әдеби кеш өтті.***

Студенттер көпшілік назарына қалың оқырман тарапынан қолдау тапқан, поэзия кеңістігінде ғұмыр кешуге үндеген, ақиық ақын Мұқағали Мақатаевты туралы бейнекөрсетіліммен кештің шымылдығын ашты. Жаны жайсаң, құшағы кең, жүрегі жұмыр ақынның бүкіл болмысы, кешкен ғұмыры жайлы сыр шертетін бұл туынды қатысушыларды поэзия әлемін жан-жақты түсінуге, өмірге құштарлыққа және сезімге адал болуға үндейді.

Әдеби кеш үш бөлімді қамтыды. Алғашында студенттер ақиық ақын Мұқағали Мақатаевтың өмірімен танысса, екінші бөлімде ұлы ақынның поэмалары мен өлеңдеріне қанықты. Үшінші бөлімде кафедрамыздың ұлағатты ұстаздары сөз алып, ақынның эпикалық туындыларының құдіретті қуаты және оның тұлға ретіндегі болмысын ашып көрсетті. Кеш барысында 1-курс студенті Райке Толғанай күмбірлете күй тартса, курстастары – Уәлихан Ахметов, Жамал Бектемір, Ақгүл Бақыт, Надира Усенғалиева және Фарида Сағындықова мәнерлеп өлең оқыды. Көкірек көкжиегі кіршіксіз таза, ойы тұнық, сезімі таңғы шықтай мөлдір ақынның өлеңдерін әр қазақ баласы білу керек.

Мақатаев өлеңдерінің қай-қайсысын оқысаңыз да ой мен сезімі қатар келген дауылды ақынды тани түсесіз.Тағылымы мен тәрбиелік мәні зор бұл кешті өткізудің негізгі мақсаты – жастарды ақиық ақынның өмірімен, өлең жолдарымен сусындату. Кештен түйгеніміз «Мұқағали Мақатаев – адамдар арасындағы, өмірдегі, табиғаттағы жарастық пен келісімнің жаршысы. Ақын өлеңдері – шын тебіреністен, шын шабыттан, шын қуаныш пен қайғыдан туған өлеңдер».

**Г.Қ. АТАНБАЕВА,**
**Н.И. ЖАПАРҚҰЛОВА,**
*биофизика және биомедицина кафедрасының аға оқытушылары*

***На факультете химии и химической технологии профессор, доктор технических наук А. Баешова совместно со студентами 4 курса провела открытый круглый стол «Творчество классика киргизской и мировой литературы Чингиза Айтматова».***

# МОДЕЛЬ МИРА АЙТМАТОВА




Биография классика была представлена студентками Д. Садуакасовой и Б. Абуевой. Обсуждались такие наиболее популярные произведения писателя, как «Плаха» и «Тавро Кассандры». Аудитория с интересом выслушала сюжет романа «Плаха» от А. Губайдулиной, где затрагиваются вопросы взаимоотношений природы и человека. Роман «Тавро Кассандры» повествует о социальных проблемах – наркомания, алкоголизм, преступность и т.д. Об этом рассказали К. Садыкова, А. Рахым и А. Суюнова. В заключение мероприятия профессор А. Баешова раскрыла суть многогранности творчества писателя, рассказав о более поздних произведениях «Когда падают горы или Вечная невеста» и др.

Круглый стол прошел очень интересно, где в дискуссии активное участие приняли магистранты 1 курса А. Кожантаева и А. Ертаева. Участники круглого стола единодушно пришли к заключению, что творчество Ч. Айтматова наполнено глубоким философским смыслом, затрагивает общечеловеческие принципы.

**О. Я. СУЛЕЙМЕНОВА,**
*д. х. н., профессор кафедры общей и неорганической химии*

**На факультете востоковедения открылся образовательный центр по изучению Японии и Центральной Азии**

**Қастер ӘКИЗАҰЛЫ**

*ҚХР Текес ауданы Шолақтерек ауылының Қызылсаз қыстағында дүниеге келген. Тырнақалды туындысы 2012 жылы «Іле кеші» газетінде жарияланған. 2013 жылы «Қара қостан қанаттанып» атты жыр кешін өткізген.*
*Қазіргі таңда ҚазҰУ-дың физика-техникалық факультетінің 1-курс магистранты.*



**АЛМАТЫ**

Беу, Алматы, мен өзіңсіз жетім ем,
Кірпішің боп қалануға бекінем.
Сағынышты басайыншы сан жылғы,
Сүйіп алып топырақтың бетінен!

Алатауың асқақтап тұр именбей,
Алматы онсыз қалар сұлу күйге енбей.
Көктөбеде күллі әлемге жар салдым,
Қуаныштан төбем көкке тигендей...

Мендік жүрек саған бақыт тілейді,
Сенсіз өмір маған түнек, үрейлі.
Алматының шам-шырағы секілді,
Алатаудың басына ай түнейді.

Өзің жайлы өзегімнен жыр атқып,
Қоймаса екен тағдыр бізді жырақ қып.
Ілсем бе екен көшесіне қаланың,
Жүрегімді жарқыраған шырақ қып.

**АЛМАТЫҒА САҒЫНЫШ**

Әкем дейін Алматы, анам дейін
Жұлдызың боп көгінде жанам деймін.
Сағынышын теңдеген сан ғасырлық,
Мұңлығыңның бірі боп қалам деймін...

Қилы-қилы күн өтіп бұл ғаламнан,
Егей ері елімнің тұлғаланған.
Анау жерде бабамның басы қалып,
Мынау жерге бабалар ту қадаған.

Дауылынан тағдырдың тасаланып,
Ұрпақ үшін бабалар жасады анық...
Жер бетінің қазағын тоса-тоса,
Алатаудың кетіпті шашы ағарып...

Жүрегінің қағысын тыңдап елдің,
Күйін шертіп Қорқыттың құмға келдім...
Алматының құйса егер ақ жауыны,
Дегейсіңдер көз жасы мұндағы елдің...

Өзің жайлы айтады халық түрлі,
Өткен күндер өзіңсіз жалықтырды.
Мыстан тағдыр, тәйт енді, еркіндік бер,
Ағып барар Балқашқа балық ғұрлы...

Адасуды ешкім де тілемеген,
Қыран қыран болар ма түлемеген?!
Сағынышын мұндағы ел жолдайды екен,
Балқашына асыққан Ілеменен...

**ІЛЕ**

Әлде бір үміт, әлде бір күшпен желпініп,
Балқашқа қарай ағады Іле ентігіп...
Бір тамшы суың бір мысқал мұңын айтар деп,
Жағаңа келіп бетімді жудым жең түріп.

Балқашқа қарай асығып ақтың бас бермей,
Табиғатыңды тереңде жатқан қастерлей.
Балқашқа деген махаббатыңды сезініп,
Көзімнің алдын алғаны-ай тағы жас керней...

Жырлармын талай жырларды сендік аңыз қып,
Өзенге мынау сағыныш жасын тамызып...
О, Балқаш, саған жолдадым сәлем қабыл ал,
Орамалымды жібердім, міне, ағызып...

Жүректі ұрып жағада тұрған жартасқа,
Тілсім бір үнмен тіл қатып сүйген қалқашқа.
Айналып кетіп алтын балыққа дариға-ай,
Арманым жоқ ед бірлікте құйсам Балқашқа...

Жағалауына жап-жасыл жайып кілемін,
Өзені ағып барады әне Іленің.
Бөрі боп ұлып, жетімсіреген жүректің,
Табалмай жүрмін, табалмай жүрмін бір емін...

# Біз де студент болғанбыз...

Жуырда журналистика факультетінің ұйымдастыруымен «Біз де студент болғанбыз...» атты жаңа жобаның тұсауы кесілді.

Жоба жетекшісі журналистика факультетінің 3-курс студенті –

Мархаббат Ілияс. «Жобаның форматы сұхбаттасу түрінде болғандықтан, студенттер көкейлерінде жүрген сұрақтарын тікелей қойып, нақты жауап алуға мүмкіндіктері бар", – дейді Мархаббат.

Жоба аясында бойларындағы табиғи дарынымен талайды тамсандырып, көрерменнің көзайымына айналған өнер жұлдыздары студенттік өмірдегі қызықты сәттерін еске алып, жоспарларымен бөлісті. Эстрада әншісі Абай Бегей Кубада өтетін концертке қатысатынын, заманауи жырау Жан Ахмадиев жақында «Қазақпыз ғой – 4», «Тағдыр» бейнебаянының жарыққа шығатынын айтқанда студенттер қуанып қалды. Опера әншісі Ғани Бекмырза Беларуссияда өтетін халықаралық байқауда еліміздің намысын қорғайтынын мақтанышпен айтты. Ал, дәстүрлі әнші Гүлназ Нұрбалина он бес жылдық үзілістен кейін шығармашылығын қайта дамытып жатқанын, қазіргі таңда «Гүлдер» ансамблінде жұмыс жасайтынын айтты.

Бұл жобадан ерекше әсер алған студенттер «Айнаға қарағанда қандай адамды көресіз?», «Бойыңызда өзіңізге ұнамайтын қасиеттер бар ма?» деген сынды өздерін қызықтырған сұрақтар қойды.

«Қонақ кәде» ретінде әншілер орындаған әндер ықыласпен қабылданды. Жоба иелері естелік ретінде әншілерге арнайы дайындалған портреттерін сыйға тартты.

**Сымбат АЙДАРХАН,**
*Студенттік баспасөз орталығы*

# ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘДЕНИЕТТІҢ АЛҒЫШАРТЫ

Ғеография және табиғатты пайдалану факультеті тұрақты даму бойынша ЮНЕСКО кафедрасының ұйымдастыруымен алғаш рет «Ecodays 2015» атты экологиялық фестиваль өтті. Байқау ретінде жүзеге асқан шараның мақсаты – студенттер мен жастар арасында экологиялық мәдениетті дәріптеу, тұрақты даму принциптері туралы білімдерін жетілдіру, «жасыл» экономика және «жасыл» университеттердің жұмыстарын дамытуға студенттерді баулу.

Байқауда география және табиғатты пайдалану факультетінің бес кафедрасы өз мүмкіндіктерін сынады. Алғашқы кезең – «Эко-өнер лабиринті» атты қолөнер көрмесінің аясында әр топтың тұрмыстық қалдықтардан дайындаған бұйымдары бағаланды. Студенттер пластикалық ыдыстардан Жер шарының үлгісін, дәнді-дақылдардан Қазақстан Республикасының картасын, сіріңке, дискілердің қалдықтарынан эко-үйдің, бонсай ағашының, бәйтеректің макеттерін жасады. Ал «Жасыл кафедра» атты екінші кезеңде студенттер макулатура, батарея, шамдарды жинайтын экологиялық жәшікпен қамтамасыз етуімен, оның энергия үнемдеуінде қандай үлестерін қосатынына байланысты бағаланды. Қорытынды кезеңде әр топ интеллектуалды «Экологиялық брейн-ринг», КВН, «Крокодил», «Пазл жинау» сияқты ойындарда тапқырлығын, ұтқырлығын және ұжымдық жұмысын көрсете білді.

Экологиялық фестиваль студенттер мен жастардың көңілінен шықты. Фестиваль-байқау нәтижесінде қазылардың талғамынан шыққан геодезия және картография кафедрасының «Есодезия» тобы «Ең үздік топ» жүлделі орынымен марапатталды. Студенттерге арналған экологиялық фестивальдің біздің университет қабырғасында ізгі дәстүрге айналатынына сенеміз.

**А.А. РЫСМАҒАМБЕТОВА,**
**Г.А. МҰҚАНОВА,**
*Тұрақты даму бойынша ЮНЕСКО кафедрасының оқытушылары*

Журналистика факультетінде американдық «National geographic» журналының мал шаруашылығы тақырыбының кәсіби фотожурналисі Райн Беллмен республикалық «Фотоөнер» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Асылхан Әбдірайым арнайы кездесу өткізіп, оған факультет студенттері мен кәсіби мамандар қатысты.

# «NATIONAL GEOGRAPHIC» ФОТОЖУРНАЛИСІ СТУДЕНТТЕРМЕН КЕЗДЕСТІ




Райн Белл қазақстандық журналистер мен фотожурналистерге кәсіби шеберлік сағатын өткізіп, «National geographic» журналында фотосуреттер жариялаудың жұмыс тәсілімен кеңінен таныстырып өтті.

«National geographic» журналына фотограф Райн Белл тосыннан келген. Өзінің саласы далалық мал шаруашылығына жақын болғандықтан, осы саладағы небір тамаша сәттерді фото арқылы сөйлету Райнға қызығушылық тудырған. Американдық атақты басылымда фотожурналист болу мәртебесіне де осы салада қызмет етуі септігін тигізсе керек. Оның қорындағы суреттерден өзіне тән жеке қолтаңбасын байқауға болады.

АҚШ-та фотоға қойылатын заң талаптары өте қатаң. Егер қоғамдық ортада фотоға түсіретін болсаңыз, оның ешқандай заңға қайшылығы жоқ, ал жекеменшік жерді рұқсатсыз түсіруге қатаң тыйым салынады. Жеке адамдар туралы суреттің әсерлі шыққандарын кәсіби журналда пайдалану үшін бірінші түсіргенде, екінші түсіріп болғаннан кейін фотограф рұқсат сұрауға тиісті. «National geographic» журналының өз журналистері мен фотожурналистерінен талап ететін қағидаларының бірі осы.

Кездесу барысында студенттер шетелдік қонаққа өздерін қызықтырған сұрақтарын қойып, жауап алды. Шығармашылық байланысты жүзеге асырған бірлестік басшысы А. Әбдірайым бірлестік атынан Райн Беллге «Қазақтың көшпелі мәдениеті» атты фотоальбомын сыйға тартты.

**Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ**

17 қараша – Халықаралық студенттер күні

# «ЖАТ» – значит чужак

*Продолжение. Начало на 1 стр.*




В этом году режиссер снова решил попытать судьбу и представил фильм «ЖАТ» на премию, с желанием в этот раз получить заветную золотую статуэтку, о которой грезят многие режиссеры по всему миру. Картина вызвала резонанс не только в Казахстане, но уже получила признание мировых кинокритиков после мировой премьеры фильма на международном кинофестивале в Торонто в сентябре этого года.

Режиссер Ермек Турсунов, выпускник КазНУ им.аль-Фараби факультета журналистики, был рад приветствовать собравшихся студентов, которые пришли на встречу. У названия «Жат» множество значений, но для самого режиссера ближе перевод на русский язык "Чужак". «Я не люблю длинные названия», - пошутил режиссер, чем очень рассмешил студентов. Ведь всем нас известна его трилогия "Келин", "Шал", "Кенже".

"Сценарий фильма "ЖАТ" был написан 25 лет назад для дипломной работы", - рассказывает режиссер. Картина основана на реальных событиях и рассказывает историю мужчины, который в 1930-е годы ушел в горы и остался жить там. Это история о "чужаке" воспоминания из детства Ермека Турсунова. Он видел его сам. Нельзя сказать, что мужчина был полностью отшельником, связь с цивилизацией хоть какую-то имел, но, все же, всю жизнь провел в одиночестве. Его звали Жумакан. Когда режиссер был мальчишкой его и остальных детей в поселке пугали именем этого нелюдимого мужчины. Турсунов создал некую притчу о человеке, после просмотра, которой каждый из зрителей смог сделать собственные выводы о том, что именно режиссер хотел донести. В кино, как и во всех предыдущих работах, он заложил глубокий философский смысл. В картине поднимаются вопросы, как остаться человеком, кто больше является человеком? Что лучше: жить отдельно от толпы или же жить вместе. Это большая философская работа, тема которой на сегодняшний день является очень актуальной, особенно для представителей студенческой молодежи. «Если честно, я прошел этот период, когда тебе нужны награды. Это не самое главное. Хорошо, что тут собрались молодые люди. Дело в том, что это проходит, оказывается самое интересное – это сама дорога, сам процесс. Ребята! Не стоит делать акцент только на этом, не нужно ставить себе потолки и вгонять себя в рамки. Только тогда эта самая дорога будет легкой и занимательной, и все цели и желания обязательно сбудутся. Конечно «Оскар» это признание, и признание не одного человека, а всей съемочной команды. Ведь фильм делают много людей. Это флаг страны. Никому не будет плохо от того, что Казахстан прогремит на весь мир! Это работа на благо страны. Я был на премии, и нас уже не с кем не путают. Они знают Казахстан!», - поделился со студентами создатель картины. Присутствующим 1500 студентам нашего университета и гостям с других вузов представилась возможность увидеть исполнителей главных ролей и услышать от них пожелания перед просмотром фильма и напутствия от режиссера. Съемочной группе, которая пришла на встречу в гости в КазНУ имени аль-Фараби, наши студенты пожелали снимать больше хороших картин.

**Малика КАРИМОВА,**
*студентка 4-го курса факультета журналистики*

***XXI век - век технического прогресса, подаривший человечеству надежды на благополучное будущее и несомненное процветание с помощью новейших технологий и разработок, также невольно открыл людям множество способов самоуничтожения. Ядерное, химическое, биологическое оружие, выбросы промышленных отходов в окружающую среду - все это еще поддается разумному контролю.***

# НАРКОМАНИЯ – чума XXI века

Гораздо коварнее другая химия – наркомания. Наркотики парализуют разум человека, сковывают силу воли. Нет никого, кто бы не был невосприимчив к наркотикам. Несмотря на все усилия мирового сообщества, до сих пор не найдено эффективных методов борьбы с этим злом и, число наркоманов возрастает. Между тем согласно официальной статистике, в 1986 году в Казахстане было зарегистрировано около 10 тыс. лиц, употребляющих наркотики. Сегодня же, по данным экспертных организаций, число потребителей наркотических и психотропных веществ составляет порядка 50 тыс. человек. Таким образом, за последние 7 лет количество лиц, злоупотребляющих наркотическими средствами и психотропными веществами, увеличилось почти в 5 раз.

К сожалению, этот темп роста заболеваемости сохраняется. По данным международных организаций, занимающихся проблемой борьбы с незаконным оборотом наркотиков, в настоящее время основная угроза проникновения зелья в страны Евразии исходит от Афганистана. Кроме того, по имеющимся данным, через Киргизию проходит так называемый «северный путь» поставок зелья из Афганистана в эти государства.

Около 70% наркоманов – подростки (как мальчики, так и девочки). В текущем году более 220 преступлений по факту незаконного оборота наркотиков совершено подростками. Наркомания поражает молодежь, используя ее неопытность и любознательность. Ради приобретения наркотиков многие идут на преступления, некоторые девушки становятся проститутками. Все наркоманы являются потенциальными распространителями многих вирусных заболеваний. Например, вирусного гепатита «С» и СПИДа. В наши дни наркомания является одной из ведущих проблем мирового сообщества. Последствия этой страшной болезни могут привести к глобальной катастрофе и вырождению всего человечества. Еще не изобретен универсальный метод борьбы с болезнью, и избавление кроется в своевременном лечении и профилактике наркотической зависимости.

Международное сообщество признало глобальную угрозу наркомании. Казахстан тоже включился в общемировую систему по противодействию наркомании и наркобизнесу, национальное законодательство было приведено в соответствие с международными стандартами. В настоящее время Казахстан участвует во всех антинаркотических проектах, созданы правовые инструменты для организации международных операций, ликвидации каналов транзита и пресечения деятельности транснациональных преступных групп. Так, в течение 15 лет в Казахстане реализуются правительственные программы по борьбе с наркобизнесом. Сейчас исполняется Отраслевая программа борьбы с наркоманией и наркобизнесом на 2012-2016 годы с участием15 госорганов, НПО и общественных институтов.

**Л. Б. УМБЕТЬЯРОВА,**
**Г. К. АТАНБАЕВА,**
*ст. преподаватели кафедры биофизики и биомедицины*

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректораты

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:
Бас редактор м.а.: Әйгерім ӘЛІМБЕКОВА
Жауапты хатшы – Дариға АМАНКЕЛДИЕВА
Тілшілер: Рүстем АБРАЕВ, Жұлдыз ӘБІЛ
Дизайнер – Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ
Фототілші – Марат ЖҮНІСБЕКОВ
Корректорлар: Гүлмира БЕКБЕРДИЕВА, Әйгерім ИМАНҒАЛИЕВА

Газет 1994 жылдың 7 ақпанында Қазақстан Республикасының Баспасөз және бұқаралық ақпарат министрлігінде тіркеліп, № 1242 куәлігі берілген

МЕКЕНЖАЙЫ:
050040, Алматы қ., әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 11-қабат, №1104 бөлме.
Байланыс телефоны:
377-33-30, ішкі: 11-94,
тікелей: 377-31-48.
Электронды мекенжай:
kazuniver-gazeti@mail.ru
Газет редакциының компьютер орталығында терілі, беттелді. "Бизнес-Информ" баспаханасында басылды
Тел.:2-93-09-09

Бағасы келісім бойынша.
Таралымы 1000 дана
Тапсырыс №899
● Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
● Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
● «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
● Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.